



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

7. ФИЛОЛОГИЯ

7.1. КАЗАХСКОЕ ЯЗЫКОЗНАНИЕ

ӘӨЖ 821.512.122-3.09

КӨРКЕМ МӘТІН ПРАГМАТИКАСЫ (Д.Исабеков шығармалары негізінде)

Ағыбай Айдана

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Филология факультеті, Қазақ тілі мен әдебиеті
мамандығының 1-курс магистранты, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Ж.Қ.Өмірбекова

XXI ғасырда жаңа теориялық-танымдық әдістемеге сәйкес тілді өз ішінде қарастыру жеткіліксіз болып, оны ой-санамен, мәдениетпен және адамның тұрмыс тәжірибелік қызметімен тығыз байланысты қарастыру қажеттігі туындап отырды. Осы қажеттілік тіл білімінде жаңа ғылыми бағыттың және соның негізінде қалыптасқан антропоцентристік парадигманың дамуын талап етті. Басқаша айтқанда, адамды тіл арқылы және керісінше тілді адам арқылы анықтау мәселесі алға тартылды. Осыған орай, XX ғасырдың екінші жартысында қазақ филологиясының ғылыми үрдісі көркем әдебиет тілін зерттеуге, мәтін, дискурс табиғатын түсінуге, мәтін түзетін тілдік бірліктерге деген қызығушылық пайда болды. Осымен байланысты қазақ тіл білімінде тілдің коммуникативтік қызметінің семасиологиялық, когнитивтік, психолингвистикалық жағымен қатар прагматикалық әлеуеті де қарастырылды.

Бұл сала көркем мәтін тіліндегі адам факторының көрінуіне байланысты туған. Осыған байланысты коммуникативтік лингвистиканың зерттеу тәсілі түбегейлі өзгерді: әрекет теориясынан бөлек шығып, тілге деген басқа көзбен қараған қазіргі лингвистика, негізінен, прагматика, осы сөздің кең мағынасында талдаудың бастау көзі ретінде *адам, оның қажеттіліктері, уәждері, мақсаты, тілегі мен талабын*, оның іс жүзіндегі және коммуникативтік әрекеттерін негізге алды. Ч.Моррис алғаш рет қолданған «прагматика» терминінің өзі коммуникацияның шынайы процесіндегі таңбалардың тәртібін зерттеуді алға қойды. Прагматиканың пайда болуымен бірге «тіл ғана әлем бейнесін (эскизін) (лингвистикалық қатынас гипотезасы) салмайды, сонымен бірге өмір де тіл мен сөйлеудің көптеген құбылыстарын түсінудің көзі болатыны туралы тағы да жаңаша түсінік берілді» [1,5]. Яғни, бұдан прагматиканың басты нысаны «адресант – мәтін - адресат» ұштағаны арқылы көрініс табатындығын байқаймыз.

Көркем мәтінге қатысты «адресат факторы» түсінігі прагматиканың негізгі категорияларының бірі ретінде өзекті болып саналады, өйткені автордың ақырғы мақсаты оқырманға белгілі бір деңгейде ықпал ету болып табылады. Бұл мәтінге прагматикалық ақпараттың қосылу қажеттігін талап етеді. Мәтін туралы қазіргі кездегі түсінікке сәйкес көркем шығарманың тілдік құралдарын таңдау адресант қажеттілігінен ғана емес, сонымен бірге қабылдаушының да қажеттілігінен барып жүзеге асады. Сондықтан В.Н.Телия прагматиканы: «сөйлеушінің ғалам туралы және адресаттың интерпретациялық қызметі туралы ақпаратпен қандай да бір жағдайда байланысты болып келетін факторлардың тілдік негізін бейнелеу барысында ескеру» деп тұжырымдайды [2, 50]. Ғалымның бұл пікірі «сөйлеуші» және «оқырман» ұғымдарын байланыстырады. Яғни, адресаттың қандай да бір мақсатқа бағыттаушылық қызметі сөйлеушінің әрекетімен ғана жүзеге асады.

Осыдан прагматиканың басты мақсаты – сөздің қолданылу сипатын түсіндіру және қалай түсіндірілетінін анықтау екенін байқаймыз. Прагматикалық тұрғыдан зерттегенде тілдік бірліктер маңызды компонент ретінде қарастырылады, ол жалпы жағдаятты, адресанттың әлеуметтік белгілерін ескере отырып, тілдік бірліктерді қатынас құралы ретінде

қолданушы адаммен байланысты болып келетіндігін көрсетеді. Автордың қайсыбір құбылысты өзіндік көзбен көруі, оған баға беруі, оған қатысуы, қысқасы, өзін көрсетуі адресатқа ықпал етуі болып табылады.

Соңғы жылдары тіл ғылымының дербес саласына айналған прагмалингвистиканың алғышарттары қазақ зерттеушілерінің еңбектерінде бастау алғаны белгілі. Атап айтқанда, М.Оразов сөз семантикасының прагматикалық аспектісін қарастырса, А.Алдашева публицистикалық терминдердің прагматикалық ерекшеліктерін, Б.Момынова газеттік лексиканың прагматикалық аспектісін, З.Ерназарова сөйлеу тілі синтаксисінің прагмалингвистикалық аспектісін, Д.Әлкебаева қазақ тілі стилистикасының прагматикасын, С.Аташев бұқаралық ақпарат құралдарының прагматикасын, Б.Хасанов сөздің лексикалық мағынасы мен прагматикасын, Б.Райымбекова қазақ және орыс тілдеріндегі газет мәтінінің прагматикалық аспектісін, Ф.Жақсыбаева газет мәтінінің прагматикалық функциясын қарастырса, Г.К.Ихсанғалиева тақырыпаттарға прагматикалық талдау жасаған. Т.Ш.Мырзахметова тыныс белгілердің, оның ішінде көп нүктенің қолданысын прагматикалық тұрғыдан зерттеулер жүргізді. Г.М. Әзімжанованың көркем проза мәтінін прагматикалық тұрғыдағы зерттеуін, Қ.Ө.Есенованың қазіргі қазақ медиа-мәтініне байланысты жазған еңбегін атай аламыз.

Қазіргі қазақ мәтінінің прагматикалық ерекшелігіне келетін болсақ. Қазақ тіл білімінің ғылыми негізін салушылар – А. Байтұрсынұлы мен Қ. Жұбанов еңбектерінен мәтін туралы алғашқы ойларды кездестіреміз. Ғалымдар мәтіннің прагматикалық ерекшелігін ойталқы мәселесі аясында қарастырғаны мәлім. А. Байтұрсынұлы мәтіннің тақырыптан, ал мәтін мазмұнының үш мүшеден, яғни: аңдату, мазмұндау, қорытудан тұратынын және айтушы ойының өзге үшін бағытталатынын, сондықтан ойды өзгелер қиналмай түсінетіндей қылып жеткізу керектігін сөз етеді [3, 244]. Ал Қ. Жұбанов мәтінді сөз бұйымы деп атаған. Мәтінді қарым-қатынасты жүзеге асырудың бірден-бір құралы деп түсініп, ғалым оның ауызша және жазбаша түрлерін бөліп көрсетеді. Сонымен қатар, әр мәтіннің өзіндік жасалу жолдарының болатындығын тілге тиек етеді [4, 148]. Кейінірек қазақ мәтіні мәселесі төңірегінде ғалымдар пікіріне жақын, көркем әдебиет тілін зерттеудің жаңа әдістері пайда болды. Осы тұста Б. Шалабайдың «Көркем мәтінді талдау әдістемесі мен тәжірибесі» атты еңбегінде: «Мәтін прагматикасы оның мағыналық-ақпараттық мазмұнымен, авторлық интенциясымен, мәтін құрудың мотивімен, мақсат-мүддесімен байланысты болуымен қатар, алдымен, қабылдаушығы әсер ету, оның реакциясын туғызу, автордың тілдік тұлға ретіндегі интеллектуалдық мүмкіншілігі, қарым-қатынас аумағы сияқты мәселелермен байланысты. Қабылдаушы мәтінді түсініп, мәтін оған әсер етіп, оның жан-дүниесінде белгілі бір өзгерістер пайда болып, оның реакциясын туғызғанда ғана тілдік қарым-қатынас өз мүддесіне толық жетті деуге болады. Кез келген мәтіннің негізгі міндеті – прагматикалық талап-мүддені қанағаттандыру, пікір алмасуды іске асыру арқылы коммуниканттардың жан-дүниесіне әсер етіп, оны «ояту», «реакция туғызу» [5, 179]. Әрине, автордың меңзеп тұрғаны мәтін мотиві мен қабылдаушыға берер әсерінің дұрыс болуы. Оның дұрыстығы қабылдаушының мәтінді бар жан-дүниесімен қабылдауында деп ұғады.

Қазіргі қазақ мәтінінің прагматикасын талдауда Г.Ә. Мұратованың «Көркем мәтінді лингвистикалық талдау», Г.М. Әзімжанованың «Қазақ көркем проза мәтінінің прагматикалық әлеуеті», Қ.Ө.Есенованың «Қазақ медиа-мәтін прагматикасы» атты зерттеу еңбектерін жатқызуға болады.

Осы аталған еңбектерден қазақ мәтінінің басты прагматикалық ерекшеліктерін былай топтастыруға болады:

- мәтіннің түрлі жанрда болуы;
- мәтіннің прагматикалық әлеуетін көрсететін элементтердің сан алуандығы;
- мәтіннің тікелей оқырманға әсері;
- мәтін түзуші автордың сөз шеберлігі және т.б. Осы ерекшеліктерді ескере отырып, Д. Исабеков шығармаларына прагматикалық талдау жасауды жөн деп санадық.

Жалпы тіл білімінде проза мәтінінің прагматикалық ерекшелігі қызығушылық

тудыратын мәселелердің қатарында. Көркем мәтін – жүйелі ықпал ету қабілеті бар, аяқталған белгісімен сипатталатын, байланыс түрлерімен анықталатын, авторлық танымды, оның прагматикалық ұстанымын білдіретін, сонымен бірге ақпараттың да көзі болатын өнер туындысы [6, 4-8].

Кез келген мәтін дүниетанымдық, прагматикалық аспектіден жасалып, тілдің сан алуан бірлігін құрайды. Соның ішінде прагматикалық аспекті тілдің семиотикалық және композициялық құрылысын қамтиды. Мәтіннің композициялық жағы адам ойы мен көңіл-күйінің көрінісі ретінде сипатталады.

Мұндай прагматикалық әсері мықты прозалық шығармаларды Д. Исабековтен табамыз. «Жазушы неғұрлым қиялға бай, пікірге шебер болса, соғұрлым шығарған сөз пікірлі, әсерлі, әдемі болып шықпақ», - деген А. Байтұрсыновтың сөздері шығарманың прагматикалық әлеуетінің солғын болмауы тікелей авторға қатысты екендігіне дәлел.

Әдебиетте өзіндік орны бар шебер жазушы Д.Исабеков шығармаларының тілі ой мен сезімге әсер етер айшығымен, сөзді орынды қолдана білуімен дараланады. Мәселен, жазушының «Қарғын» романы, «Бонапарттың үйленуі», «Конфронтация», «Ескерткіш» сынды әңгімелері, «Ертеңді күту», «Әпке», «Алыстан келген ананас», «Мұрагерлер» және т.б. үлкен тартысқа толы драмалық шығармаларының тілі ерекше. Д. Исабеков шығармалары юморға негізделген диалогтық оралымдардан тұрса да, әрбір қаһарманның үлкен әлеуметтік сыр-сипатқа ұласар соқпалы да, күрделі жан дүниесін оқырманға айшықты етіп көрсетеді. Бұны автор тіліндегі эмоционалды-экспрессивті сөздер жиынтығы мысал бола алады. Яғни, автор қолданысындағы сөздердің эмоционалды-экспрессивтілігі - мәтін прагматикасының ең басты көрсеткіші екендігін айтып отырмыз. Бұдан экспрессия мен прагматиканың арасында тікелей байланыс бар екендігін байқаймыз. Мысалы, жазушының «Ертеңді күту» шығармасынан:

Тағай: Өлімнің –бәрі бір. Қабір ешкімді алаламайды. Өмір деген – күрес, әрі-беріден соң – талас. Тіпті бір құрсақтан шыққан он бала он түрлі ғұмыр кешеді. Мына бес саусақтың өзі бірдей емес. Табиғат заңы солай. Әр адам – әр басқа. Әке басқа, ана басқа, екеуінің жүрек қанынан жасалған бала да басқа... Бұл мысалды «адресант-адресат» қостағаны аясында қарастыратын болсақ, мәтіннің оқырманға берер әсері күшті. Жазушы оқырман санасында экспрессия тудыру үшін өлім, қабір, күрес, талас сынды сөздерді пайдаланған. Әрине, бұл мәтін адресат бойында жағымсыз әсер, тіпті үрей тудырды десек қателеспейміз. Яғни, автор өзінің көздеген мақсатына жетті. Мақсат деп отырғанымыз қорқыту емес, керісінше, оқырманға өмір шындығын түсіндіру. Бұдан прагматиканың психолінгвистикамен байланысы да анық аңғарылады. Себебі, прагматика мен психолінгвистиканың таралу аймағы бір екендігін ұмытпау керек. Келесі мәтінге назар аударсақ:

Жас қыздың көкейінде өзі де біліп болмайтын ерекше ынтызарлық, оның қалған беттерінде не жазылғанын білуге құштарлық бас көтерді. Осы бір сезім тереңнен оянуы мұң екен, сол беттердің иесін – бейтаныс жігітті тағы бір көрсем, онымен тым болмаса бір рет тілдесем деген ұры ой қоса көтерілді. Оны бір көруді, бір рет тілдесуді тілеген ойынан ол сескенген жоқ. Бұл мәтіннің де экспрессиялық бояуы анық көрініп тұр. Алдыңғы мәтінге қарағанда, мұнда қорқыныш, үрей, философиялық толғаныс мәселесі емес, махаббат тақырыбы көтеріліп тұрған сыңайлы. Яғни, жап-жас қыздың жүрек тебіренісін, ішкі дүниесін оқырман қауымға ашып көрсеткен. Жай ғана көрсеткен жоқ, қарапайым қолданыстағы сөздерді тізбектей отырып, мәтіннің прагматикалық әлеуетін асқақтата білген. Автордың «Қарғын» романында кездесетін мына бір үзіндіге көз жүгіртсек:

Күлкісі де, жанары да салқын екен. Тура қараған адамның өңменін суық жанары жуалдыздай тесіп өтетін секілді. Ашаң тұлғасында ешкімге бас имес паңдық, тақаппарлық пен ойлылық бір сәтке жалт етіп өткендей болды. Бұл мысалда автор кейіпкер тұлғасын сыртқы бейнесі арқылы суреттеген. Осы бір жолдарды оқи отырып, көз алдымызға адамның портреті елестейді. Бірақ бұл жай ғана сырт бейне емес, кейіпкердің ішкі дүниесін, мінезін, айналаға деген көзқарасын шынайы ашып, көрсетіп тұрған бейне. Мұндай образдың куәсі

болу, әрине, автордың сөз қолдана білу шеберлігінің арқасы.

Келесі мысал: *Бағила коридорға шығып, ашық терезеден сағымды маң далаға көз жіберді. Шетсіз де шексіз. Бүкіл дүние тек осындай қырқасыз жазықтан тұратын секілді. Бір көрген адам мына сияқты аптапты далада байлап қойсаң шынжырын үзіп қашуға құмбыл екенін жасыра алмас еді, өзі де сол ойдан аулақ емес-ті.* Мәтінде Бағиланың әдемі табиғатқа деген ыстық ықыласы суреттелген. Бұл мысалдың экспрессивтілігін дәл осы табиғат әдемілігі көрсетіп тұр. Әрине, қаламгерге шығармадағы табиғат сұлулығын қарапайым сөздермен де жеткізуге болар еді. Бірақ ол оны қаламады.

Тағы мысал: *Ермек бұлай үнсіз тұра беруді қолайсыз көріп, басын жоғары көтергенде өзіне тесіле қарап тұрған екі көз – екі найзаны көрді. Сол найза жоғары қараған кезде өңменін тесіп өткендей, жүрегі зырқ ете қалды.* Бұл мысалда экспрессивтік мағына жоқ деуге болмайды. Алдыңғы мысалдарға қарағанда солғындау болғанымен, экспрессия бар. Оны біз *екі көз – екі найза* алмастыруынан көре аламыз. Сонымен қатар, автор шығарма ішінде бір тілдік бірлікті қайталап қолданған. Ол алғашқы сөйлемдегі: *Тура қараған адамның өңменін* суық жанары жуалдыздай *тесіп өтетін* секілді, соңғы сөйлемдегі: *Сол найза жоғары қараған кезде өңменін тесіп өткендей, жүрегі зырқ ете қалды.* Яғни, «өңменін тесу» сөзі жиі қолданыс тапқанын байқаймыз.

Жазушының «Ай-Петри ақиқаты» әңгімесінде экспрессивтілік таңдану, мадақтау мәнінде келген:

-Адам ұлы қолбасшы, ұлы ақын, ұлы ғалым болуы мүмкін, бірақ мәдениетті бола бермейді. Мәдениеттілік пен ізеттілік – адам бойындағы ең бір асыл қасиет. Мен, жолдастар, Жамал Сағатовнаның бойындағы осындай туа біткен асыл қасиеті сымбаты мен парасатының адам таңғаларлықтай үйлесе біткені үшін тағы бір тос көтергім келеді. Монологтегі сөйлеуші, өз тарапынан Жамал атты кейіпкерге деген таңданысын, сыйластығын жасыра алар емес, бұны осы бір жолдар арқылы аңғарып тұрмыз.

Келесі мысалдар экспрессияға толы болуымен қатар, ерекше құрылымға ие. Мәселен:

... Дәл осылай маңқиып ол қаниша уақыт тұрады екен? Қаниша мың, қаниша миллион, қаниша миллиард жыл? Бәлкім ол мәңгілік деген ұғымның тетелесі шығар? Дәл осы қаңқиған ақ тауға дәл осылай, Жамал сияқты кімдер қарамады, кімдер ойға батпады, кімдер қуанбады? Аяғымен жер басып, тоқ жүрген бейғам адам мына жалғанда өзінен өзге құдырет жоқтай, тамның басынан шыққанына мәз болып, өзін бар дүниенің қожасындай сезінетініне бір сәт күлесің, осы ұлы жаратылысты өзіңе табындырмақ болғаныңа іштей қысыласың.

Дәл қазір ол байғұстың ойына сұрапыл өлім қаупінен басқа не келіп, не кетіп жатыр екен? Тек өлімге бел буу ма? Жо-жоқ, ол мүмкін емес, өлімге өзі тәуекел етпегенше адам өмір үшін күресіп бағады, қараңғы түнде, ұшы-қиырсыз дауылды теңіз үстінде, жападан-жалғыз тақтай құшақтап қана қалған әлжуаз, екіқабат әйелдің өзі өмір үшін арпалысады, адамнан болсын, алладан болсын меңіреу табиғаттан болсын, әйтеуір бір үміт оның кеудесінен өше қоймайды.

Бұл екі мысалда Жамал есімді бас кейіпкердің қайғы-мұңы, жан-дүниесі актарылып, көрініп тұрғандай. Автор мәтінде қаншама риторикалық сұрауларды қатарымен қайталап қою арқылы экспрессивтік мағына тудырып тұр. Сол арқылы кейіпкердің жеке психологиялық жағдайын көрсетуде. Бұл мәтінді оқыған оқырман көңілі «оянып», мәтін кейіпкеріне жанашырлықпен қарамасқа болмайды. Яғни, ғалым Б. Шалабай айтпақшы оқырман санасында «реакция тудырады».

Сонымен, проза мәтінінің прагматикалық ерекшелігі – экспрессивті мағына үстеуінде екендігіне толығымен көзіміз жетті. Бірақ мәтін прагматикасын толық түсіну үшін оны міндетті түрде дискурс прагматикасымен салыстыру жұмыстарын жүргізу керек.

Қорыта келе, қазақ мәтінінің прагматикалық әлеуетін прагмалингвистиканың функционалдық бағыттың бір бөлігі ретіндегі қызметі – адам факторының көрінуіне байланысты туғандығын байқаймыз. Сондықтан мәтін прагматикасының басты нысаны болған тілдің лингвистикалық және экстралингвистикалық факторлары алдағы уақытта

зерттеу мен зерделуді қажет етеді.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Арутюнова Н.Д. Истоки, проблемы и категории прагматики. Москва. Прогресс.1985. – 501 б.
2. Телия В.Н. Коннотативный аспект семантики номинативных единиц. – М.: Наука, 1986. – 141 б.
3. А. Байтұрсынұлы. Шығармалары. –Алматы, 1989.-297б.
4. Қ.Жұбанов. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. –Алматы: Ғылым,1999. -581б.
5. Б. Шалабай. Көркем мәтінді талдау әдістемесі мен тәжірибесі. –Алматы, 2008. - 124б.
6. Алкебаева Дина Ақбергенқызы. Қазақ тілі стилистикасының прагматикасы. Алматы, 2006, 270 б.

Қосымша әдебиеттер:

1. Исабеков Д. Таңдамалы шығармалар. – Алматы. 1994, - 405 б.
2. Исабеков Д. Таңдамалы шығармалар. 2 том – Алматы. 1993, - 496 б.

ӨОЖ 811.512.122 ' 34:811.512.123

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ НОҒАЙ ТІЛІНДЕГІ ДЫБЫСТЫҚ СӘЙКЕСТІКТЕР: ҰҚСАСТЫҚТАРЫ МЕН АЙЫРМАШЫЛЫҚТАРЫ

Әмілбекова Тоғжан

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ

Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша 4 курс студенті

Түркі тілдеріне генеологиялық тұрғыдан жасалған классификациялардың ішіндегі барлық түркі тілдері және олардың басты фонетикалық, морфологиялық, лексикалық ерекшеліктері толық қамтылған, қазіргі түркі тілдерінің даму жолы мен туыстық деңгейін айқын көрсететін әрі көпшілік мамандар тарапынан мойындалған классификация – Н.А.Баскаковтың жіктеуі.

Н.А. Баскаковтың классификациясының өзге жіктеулерден басты айырмашылығы – тілдік ерекшеліктермен қатар тарихи принципке сүйенуі, яғни сол тілде сөйлеуші халық тарихымен бірлікте қарастыруында. Ғалым түркі тілдерін үлкен екі бұтаққа бөледі: Батыс хун тілдері және Шығыс хун тілдері. Осы классификация бойынша біздің қазақ тілі өзіне туыс ноғай және қарақалпақ тілдерімен бірге қыпшақ тобын құрайды [1, 131-135]. Біздің қарастырғалы отырған мәселеміз қазақ және ноғай тіліндегі дауысты дыбыстардың ұқсастықтары мен айырмашылықтары.

Қазақ және ноғай тілдеріндегі дыбыстар дауысты және дауыссыз болып екіге бөлінеді. Дауысты дыбыстар айтылғанда дыбыс желбезегі толықтай тербеледі, ауа кедергіге ұшырамайды. Дауысты дыбыстар буын құрау қасиетімен ерекшеленді. Ал дауыссыз дыбыстар айтылғанда дауыс желбезегі аз қатысады, ауа кедергіге ұшырайды.

Қазіргі қазақ тілінде он екі дауысты дыбыс бар: а, ә, е, и, о, ө, ұ, ү, у, ы, і, э. Бұлардың тоғызы (а, ә, е, о, ө, ұ, ү, ы, і) қазақтың төл дауысты дыбыстары, үшеуі (и, у, э) саны орыс тілінен сөздер арқылы енген кірме дауыстылар болып саналады.

Қазақ тіліндегі дауысты дыбыстар құрамына қарай жалаң (а, ә, ы, і, ұ, ү) және құранды (е, о, ө) болып екіге бөлінеді. Жалаң дауысты дыбыс бастан-аяқ бірдей айтылады да, құранды дауысты дыбыс бір дыбыстан басталып, екінші дыбыспен аяқталады.

Қазақ тілінде дауысты дыбыстардың акустикалық және артикуляциялық ерекшеліктері ескеріледі. Мәселен, Ә.Жүнісбеков қазақ тіліндегі дауысты дыбыстарды акустика-артикуляциялық ерекшеліктеріне қарай бес топқа бөлуге болатынын айтады.

1. Тілдің көлденең (қатысына) қарай: а) тіл арты дауыстылар, ә) тіл ортасы